

БІЛІМДІ ЖАС – БІЛІКТІ МАМАН (Yessenov University БББ негізінде)

Жеткізгенова Әлия Түгелбай қызы,
*Yessenov University, Қауымдастырылған
профессор м.а., филология ғылымдарының
кандидаты*

Білімді ғылыми бағытта саралап, таңдаған мамандығыңыз бойынша терең әрі жан-жақты білім алып, білікті маман, ғалым атанудың алғашқы қадамдары магистратурадан бастау алмақ.

Бүгінде жас мамандардың көпшілігі білімін магистратурада тереңдетуді қалайды. Магистр дәрежесі барлардың жұмысқа орналасу мүмкіндігі бакалавриатты аяқтағандарға қарағанда жоғары, магистрлік дипломы бар мектеп мұғалімдерінің жалақысы өзгелерге қарағанда жоғары, шетелдің жетекші жоғары оқу орындарында ғылыми тағылымдамалардан өту мүмкіндігі бар,

Қазіргі таңда педагогикалық мамандықтың мәртебесі биіктеп, өркениетті елдер көшіне ілесер жас ұрпақ алдындағы жауапкершілігі жоғары тұлға ретінде құрметке ие болғандығы көңіл қуантарлық жаңалыққа айналғандығы белгілі. Сондықтан, жоғары оқу орындарында педагогикалық мамандықта бакалавр деңгейінен кейін магистратурада білімін жалғастыруға ынталы үміткерлер саны жылма-жыл арта түсуде.

Магистратура – ғылым және тәжірибелі карьера жүйесінде әрі қарай дамуға мүмкіндік беретін жоғарғы оқу орнынан кейінгі саты. Магистр-мамандар өндіріс және бизнес саласында жетекшілік етуге ие болады.

Білімдінің жолы ашық, келешегі айқын, болашағы жарқын ғасырымызда ілім көкжиегін кеңейтемін деген үміті бар әрбір талаптыға мүмкіндік мол. Мектеп қабырғасынан қаланған білім іргетасының беріктігі келешек кәсіптің тұтқасын ұстатып, дамудың даңғыл жолына қадам нық сеніммен бастырады. Бакалавр дипломын алған түлектің алдында білімнің биіктігін айқындайтын тағы бір шың – магистратура тұрады.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетінде 7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» магистратурасы он бес жылдан астам уақыттан бері біршама түлектерге мол мүмкіндіктер сыйлады.

7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (магистратура) білім беру бағдарламасы (БББ) Дублиндік дескрипторларға сәйкес біліктіліктің европалық, ұлттық,

салалалық шеңберіндегі тиісті деңгейлер негізінде құрастырылған. Аталған БББ-ның мазмұнында европалық күзiреттiлiк шеңберiнiң (ЕҚШ) 7-деңгейi және ЕҚШ-ға негiзделiп құрылған ұлттық күзiреттiлiк шеңбердiң (ҰҚШ) 7-деңгейi, ҰҚШ-ның құрылымдық бөлiгi болып табылатын салалық күзiреттiлiк шеңберiнiң (СҚШ) 7-деңгейi (7.1., 7.2., 7.3., 7.4) және 7-деңгейi қамтылған.

Ғылыми-зерттеу жұмысына ауқымды кредит бөлiнген. Тағылымдамадан өту мен магистрлiк диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ): (24) Ғылыми семинар (3), Магистерлiк диссертацияны орындау (14), Ғылыми тағылымдама (3), Ғылыми журналдарда/ғылыми-практикалық конференциялар материалдарындағы жарияланымдар (4), Магистерлiк диссертацияны рәсiмдеу және қорғау (12) кредит.

Жоғары бiлiм берудiң мемлекеттiк бiлiм беру стандарттарына және ОП-ның негiзгi оқу жоспарларына сәйкес магистранттарға педагогикалық тәжiрибеге 4 кредит бөлiнген.

БББ-ны оқу-әдiстемелiк қамтамасыз ету iшкi нормативтiк құжаттардың негiзiнде құрастырылады

Университеттiң ғылыми кiтапханасында Республикалық ЖООаралық кiтапхана, Web of Science, Scopus, Springer, Эпиграф, Қазақстанның ашық университетi, Қазақ Ұлттық электрондық кiтапханасы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Абай атындағы ҚазҰПУ толық мәтiндi электрондық кiтапханалары пайдаланылады.

Университет кiтапханасында Қазақ тiлi мен әдебиетi мамандығына арналған барлығы 9267 әдебиет бар, оның 7997 – қазақ тiлiнде; 1260 – орыс тiлiнде, 10 – шетел тiлiнде.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша кiтапханада қазақ тiлi бойынша – 6 аталым (761 дана); әдебиет бойынша – 10 аталым (580 дана) кiтап бар.

Кафедра профессорлары Ж.Т.Қобланов «Абай: дәстүр және жаңашылдық» атты электронды оқулық, С.Н. Қамарова магистранттарға арнап «Жоғары оқу орнында қазақ әдебиетiн «Мәңгiлiк ел» идеясы арқылы оқыту (қазақ тарихи романдары негiзiнде)», Б.И.Нурдаулетова «Қазақ тiл бiлiмiндегi жаңа бағыттар», «Ареалды лингвистика», «Когнитивтi лингвистика», «XX ғасыр басындағы тiл бiлiмi» атты оқу құралдарын дайындады.

Мамандықтың 7М01701 – «Қазақ тiлi мен әдебиетi» (магистратура) бойынша 7 пәнiнiң бәрi де толық оқулықпен қамтылған.

БББ оқу-әдістемелік қамтамасыз ету МОӘК мен ПОӘК-де көрініс тапқан. ПОӘК төмендегі ішкі нормативтік құжаттар негізінде (Мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің құрылымын, мазмұнын дайындау мен бекіту тәртібі) әзірленеді.

Таңдалған метақұзіреттер білім алушыларда білім беру бағдарламасы модульдерін игеру кезінде қалыптасады. Жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріліп, олардың ұсынысымен: «Маңғыстау өңірінің тілдік лингвистикалық аспектілері мен әдеби мұраларын ғылыми - зерттеу жұмысы», «Мифопоэтика», «Қазақ тіл біліміндегі жаңа бірліктерді зерттеудің аспектісі» пәндері енгізілді.

Сәйкестендірілген құзіреттіліктердің БББ модульдерімен өзара байланысы матрица түрінде белгіленген.

БББ матрицасында көрсетілген қалыптасатын түйінді құзіреттердің, кәсіби модульдер блогына кіретін нақты модульдердегі интеллектуалдық және академиялық дағдылардың өзара байланысы көрініс тапқан, ал тәжірибелік дайындықты көрсететін құзіреттер тәжірибе модулінде, қорытынды аттестаттау, қорытынды модульдерінде көрінеді.

Бекіту барысында БББ сыртқы сараптама мен жетекші мамандар тарапынан рецензиялаудан өтеді.

Университетте оқу жоспары мен алға қойылған міндеттерді орындауды қамтамасыз ететін БББ сапасын бағалау мен экспертизадан өткізудің үздіксіз ішкі механизмі, сондай-ақ оларды жетілдіруге арналған кері байланыс жұмыс істейді.

БББ мазмұнына, оның өзектілігін қамтамасыз ететін жаңа зерттеулерді қамтитын пәндер енгізіледі. Білім беру бағдарламасына сараптама жүргізу негізінде өзгерістер енгізіліп отырылады.

БББ сапасы мен экспертизадан өткізудің ішкі бағалау университетте жүретін процестерді мониторингілеу жолымен жүзеге асырылады:

Оқу жұмыстарының түрлерінен басқа кәсіби тәжірибелер мен дипломдық жұмыс та жекелеген модульдер болып табылады, сонымен қатар білім алушылардың жоғарыда аталған метақұзіреттерін (құзіреттер) қалыптастырады.

Университет сайтында БББ саны, оның мазмұны және негізгі құзыреттер сипаттамасы, оқыту нәтижелері туралы егжей-тегжейлі ақпарат жарияланған: yu.edu.kz

7M01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» (магистратура) мамандығы бойынша университет бітірушілерінің жұмысқа орналасуы 100 % толық жүзеге асырылу мақсатында іргелі жұмыстар жүргізілуде.

«Бос орындар жәрмеңкесі», «Ашық есік» шараларына жұмыс беруші мекеме басшылары шақырылып, ауқымды көлемде өткізіледі.

Оқу орны білім беру бағдарламасын білім алушылардың, оқытушылардың және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен ұдайы бағалау мен қайта қарау жүргізіп отырады.

Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инженеринг университеті – үнемі биік белестерден көрініп жүрген оқу орны. Университеттен түлеп ұшып, білім көкжиегін бағындырған түлектер арасында да елімізге белгілі тұлғалар, өз саласының майталмандары аз емес, есімдері елге белгілі отандастарымыздың біздің университеттің түлектері екенін зор мақтаныш тұтамыз.